Ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жетіп, Егемендігіміздің еңсесі нығайып, көпұлтты Қазақстанымыз көркейіп, ел экономикасы өсіп-өркендеп, халқымыздың әл- ауқаты артып, дамудың даңғыл жолын таңдадық.

Әлем халқын мойындатқан Егемендігі еңселі, Тәуелсіздігі тұғырлы, саяси тұрақтылығы орныққан көпұлтты мемлекетке айналдық.

**Кілт сөздер:** Қазақстан Республикасы, Конституция, тәуелсіздік, мемлекет, демократия, Неіігі Заң, Егемендік, конституциялық құрылым, реформа.

### КОНСТИТУЦИЯ И НЕЗАВИСИМОСТЬ

**Аннотация.** В статье подчеркивается, что Конституция Республики Казахстан – это важнейший документ, отражающий становление конкретных шагов по укреплению основ нашего государства и становлению новой системы, становление Республики Казахстан на сцене политики, как единого начинающего закона, прорывного доверия, справедливости.

Конституция-очень важный для каждого государства документ. Это начало инвентаризации нашей истории. Конституция Республики Казахстан является воплощением совершенства нашего настоящего и будущего. Наша независимость и Конституция стали неотъемлемыми близнецами, как символ Тая. Понятно, что один из них не может иметь полноценного контента.

Конституция Республики Казахстан-это основополагающий документ государства, отражающий пути становления и становления новой системы смелых шагов по укреплению основ нашего государства, прорывного доверия, справедливости, единого начинающего закона на политической сцене Республики Казахстан.

Достигнув независимости, которую так жаждали наши предки, укрепился суверенитет, процветал многонациональный Казахстан, процветала экономика страны, процветало благосостояние нашего народа, мы выбрали путь развития. Мы стали многонациональным государством с признанным народом мира суверенитетом, независимости, политической стабильностью.

**Ключевые слова:** Республика Казахстан, Конституция, независимость, государство, демократия, основной закон, суверенитет, конституционное устройство, реформа.

## CONSTITUTION AND INDEPENDENCE

**Abstract.** The article emphasizes that the Constitution of the Republic of Kazakhstan is the most important document reflecting the formation of concrete steps to strengthen the foundations of our state and the formation of a new system, the formation of the Republic of Kazakhstan on the political scene as a single emerging law, breakthrough trust, and justice.

The Constitution is a very important document for every state. This is the beginning of an inventory of our history. The Constitution of the Republic of Kazakhstan embodies the perfection of our present and future. Our independence and the Constitution have become inseparable twins, as a symbol of Tai. It is clear that one of them cannot have full-fledged content.

The Constitution of the Republic of Kazakhstan is a fundamental document of the state, reflecting the ways of formation and establishment of a new system of bold steps to strengthen the foundations of our state, breakthrough trust, justice, and a single emerging law on the political scene of the Republic of Kazakhstan.

Having achieved the independence that our ancestors so longed for, sovereignty was strengthened, multinational Kazakhstan flourished, the country's economy flourished, and the well-being of our people flourished, we chose the path of development. We have become a multinational State with sovereignty, independence, and political stability recognized by the people of the world.

**Key words:** Republic of Kazakhstan, Constitution, independence, state, democracy, The basic law, sovereignty, constitutional structure, reform.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Конституция және Тәуелсіздік ұғымдары өзара тығыз байланысты. Егемендік туралы сөз қозғалғанда ең бірінші Ата Заң көз алдымызға келері сөзсіз. Әлемнің көптеген елдерінде жаңа мемлекеттің заңдық тұрғыдан рәсімделуі оның конституциясын қабылдау арқылы жүзеге асырылды. Солардың қатарында Қазақстан да бар.

Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қазақстанның Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер айшықты құжат [1].

Конституция әр мемлекет үшін аса маңызды қастерлі құжат. Бұл — тарихымызды түгендеудің бастамасы. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні бүгінгіміз бен келешегіміздің кемелдігінің көрінісі. Тәуелсіздігіміз бен Конституциямыз тайға таңба басқандай ажырамас егіз ұғымға айналған. Бірінсіз бірі толыққанды мазмұнға ие бола алмасы анық. Дегенмен, ата-бабаларымыз қолданған дала заңы ежелден-ақ құқықтық саясатымыздың негізі болғанын ұмытпауға тиіспіз. Біздің Ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, айбарымыз, Қазақстандық ғалым Ғ.С.Сапарғалиев айтқандай «Болашақтың алтын көпірі».

Осы әділ Заң аясында көпұлтты Қазақстан халқы бір анадан туғандай тату-тәтті бақытты өмір сүріп, еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, байлығын молайтып, қорғаныс қуатын арттырып келеді. «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол», Әз-Тәукенің «Жеті Жарғысы» сияқты тарихи дала заңынан бастау алған Ата Заңымыз өзінің әділдігін, өміршендігін көрсетті.

Конституция дегеніміз – қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың түзілу реттілігі мен қызметін, азаматтардың құқықтары мен

міндеттерін айқындайтын басты құжат. Конституция бүгін мемлекетімізді мекендейтін халықтардың тыныш әрі бейбіт өмір сүруінің кепілі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясы–мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы батыл қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің Ата заңы, айшықты құжаты.

Ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жетіп, Егемендігіміздің еңсесі нығайып, көпұлтты Қазақстанымыз көркейіп, ел экономикасы өсіп-өркендеп, халқымыздың әл- ауқаты артып, дамудың даңғыл жолын таңдадық.

Әлем халқын мойындатқан Егемендігі еңселі, Тәуелсіздігі тұғырлы, саяси тұрақтылығы орныққан көпұлтты мемлекетке айналдық.

1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қабылданды.

Жалпы, конституциялық құрылысты кең және төте мағынада түсінуге болады. Біріншісі мемлекеттің түбегейлі конституциялық актілерін құруды қамтиды. Осы орайда еліміздің тәуелсіздігін заңдық тұрғыдан бекіту үрдісінің басында Мемлекеттік егемендік туралы Декларация, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық Заң, Республиканың 1993 жылғы тұңғыш Конституциясы тұрды.

1993 жылғы алғаш қабылданған Конституцияның мәні мен маңызына келер болсақ, Негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт мәселеге жауап беруі тиіс. Бірінші, мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екінші – экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшінші – жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртінші – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл төрт мақсатты шешіп беретін баптар алғашқы Конституцияда қамтылмады. Уақыт өте келе, заман ағымына, сұранысына қарай, алғашқы Конституциямыздың кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шықты. Сондықтан, екі жыл өткен соң 1995 жылдың 30 тамызында қазіргі Негізгі Заң – Конституция қабылданды. Бұл Конституциямыздың басты авторы – Тұңғыш Президент – Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі Конституцияны талқылау кезінде еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың жоғары талқылау шараларына атсалысқан болатын. Тағы да бір ескеретін жайт, тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі заң да осы – 1995 жылы қабылданған Конституция.

Біздің еліміз Ата Заң аясында тарих үшін аз жылдың ішінде әлеуметтік-экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан, саяси тұрақтылық берік қалыптасқан, іргесі мықты, айдынды ірі мемлекет ретінде дүниежүзіне танылды.

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады. Конституцияда адамның жеке бас бостандығы, жеке өміріндегі құндылығы, сондай-ақ билік тармақтарының қоғамдағы рөлі айқын тұжырымдалған. Конституция біздің саяси, мәдени, рухани және экономикалық дамуымыздың құқықтық қайнар көзі ретінде танылады.

Қазақстан Республикасының Ата Заңы біздің еліміздің дамуына жол ашып, жаңа тәуелсіз мемлекет буынының бекуіне себеп болды.

Қазақстан Республикасының Парламенті қабылданған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін Ата Заңымыз жаңа сипатқа ие болып, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті. Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің басты саяси құқықтық құжаты және тәуелсіздіктің тірегі. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция мемлекетіміздің мызғымас алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі [2].

Келесі жағынан конституциялық құрылыс Ата Заңда қарастырылған экономикалық, саяси-құқықтық, әлеуметтік және өзге де ережелерді жүзеге асыру процесін білдіреді. Бұл мағынада 1995 жыл Қазақстанның жаңаша тарихында Ұлы дала елінде конституционализмді дамытудағы сапалы бетбұрыс кезеңін ашты. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің конституциялық даму стратегиясының жаңа моделін бекітті.

Осы уақыт ішінде қазақтың дәстүрлі құқығының, кеңестік және қазіргі заманғы Қазақстанның және дамыған мемлекеттердің, әлемдік тәжірибенің озық жаңалықтарын ұлттық ерекшеліктермен ұтымды ұштастырған қолданыстағы Конституция тыныс-тіршіліктің барлық саласында ауқымды реформалар жасап, оларды қайта жаңғыртуға толықтай негіз болды. Сондықтан халқымыздың ұзақ уақыт арманына айналған ең басты құндылық – мақсаты тәуелсіз туы желбіреген дербес ел болу еді, бұл мүддені императивті құқық нормасымен шегелеген де, жүзеге асырған да осы Конституция деп айту қажет.

Ата Заңның қабылдануы қоғамға, мемлекетке және азаматтарға конституциялық еркіндік берді. Соның арқасында біреуге жалтақтамай өзінше, дербес өмір сүру, саясатын анықтау, ұнаған қызметімен айналысу мүмкіндіктерін алды.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен қабылданған бірқатар заңнамалық және өзге де шешімдер Конституция ережелерін жүзеге асыруға оң әсерін тигізіп отыр.

Айталық, ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтті. Бұл – осы жылдары байыппен жүргізіліп келе жатқан демократияландыру процесіндегі маңызды шара. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» делінген конституциялық норма жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару саласында жаңа бір көрініс тапты.

«Бүгінде дамудың жаңа кезеңінде Қазақстанды ауқымды саяси жаңғырту күтіп тұр және бұл Конституциялық реформасыз мүмкін болмайды. Өзгерістер Конституция баптарының үштен біріне қатысты болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдегендей, Ата заңға енгізілген түзетулер еліміз үшін тағдыршешті мәнге ие. Сондықтан Конституцияға өзгеріс енгізу мәселесі Парламентте емес, республикалық референдумда шешілетін болады. Конституциялық реформа дегеніміз – Президенттің 2019 жылдан бергі бүкіл саяси реформаларының қисынды жалғасы. Бұл реформалар бойынша 10 заң қабылданған», - деді Мемлекеттік хатшы[3].

Бұл жаңашылдықтар Конституцияда белгіленген сайлау құқығына қатысты құқықтық ұстанымдармен үндес. Аталған нормаларға сәйкес, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Бұл конституциялық ережелер демократияның тікелей және өкілді нысандарын, халық билігінің тұтас жүйесінің саяси-құқықтық бастауларын құрайды. Сайлау азаматқа мемлекеттік билікке тікелей қатысуға мүмкіндік беретін бірден-бір мүмкіндік болып табылады. Оның қорытындылары бойынша лауазымды тұлға басқаруға, өкілдік етуге және сайлаушылардың мүддесін білдіруге мандат алады.

Аталған қызмет Негізгі Заңда көзделген халық билігі жүйесінің уақыт талаптарына сәйкес біртіндеп трансформациялануы үшін аса мәнді болып табылады.

Тұңғыш Президенттің жүргізіп келген саясаты әлемдік конституционализмнің барлық прогрессивті қағидларымен үйлеседі. Оның түп-тамырында адамның адамзаттың ең қымбат қазынасы екендігі, халықаралық құқық нормаларын құрметтеу, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тату көрші қарым-қатынас жасау, дауларды бейбіт жолмен шешу идеялары жатыр.

Егемендікпен бірге келген жаңалықтардың қатарында конституциялық бақылау институты да бар. Қазіргі таңда бұл миссия Конституциялық Кеңестен Конституциялық Сотқа алмастырылды. Оның қызметі азаматтардың құқықтарының үстемдігін сақтауға, жалпымемлекеттік құндылықтарды ұлықтауға мүдделі Ата Заңның мызғымастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Өркениетті елдердің басым көпшілігінде конституциялық әділет органдары құрылған. Құқық үстемдігіне негізделген мемлекет құру ұстанымын ұран еткен елдер осындай арнайы институттар арқылы озық құқықтық идеялар мен қағидаларды

заң нормаларына сіңіреді. Шығыстың Аристотелі, Ұлы ғалым Әл-Фараби «Адам тек құқықтық мемлекетте бақытқа кенеледі», деген екен [4].

Конституциялық реформалардың негізгі мақсаты – қоғамды одан әрі демократияландыру. Бұл жаңа өзгерістер мен толықтырулардың негізгі мәні қандай? Біріншіден, президенттік жүйеден басқарудың президенттік-парламенттік моделіне көшудің Конституциялық негізі қаланды.

Конституция нормаларының мазмұнын ашу, олардың өмірге енуіне жағдайлар жасау арқылы Конституциялық Кеңес тәуелсіздік негіздерін нығайтуға елеулі үлес қосып келе жатқан бақылау институты. Сонымен қатар, мемлекеттіліктің жекелеген белгілерін қалыптастыру барысында дер кезінде қажетті түсіндірмелер беріп, қорытындылар жасау арқылы олардың тұжырымдамаларын анықтауға атсалысты. Оның құқықтық ұстанымдары президенттік басқару, унитарлық мемлекеттік құрылыс нысандары, саяси режим, аумақтық тұтастық, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет сипаттамалары, біртұтас мемлекеттік билік тармақтары, олардың өзара әрекеттесуі, қоғам, мемлекет және жеке тұлға арасындағы қатынастар, адам құқықтары, мемлекеттік және өзге тілдердің мәртебесі, көппартиялы саяси жүйе, ұлттық құқық, меншік түрлері және т.б. мәселелерге қатысты болды, оларды жүзеге асыру мақсатында тиісті кешенді заңнама қабылданды.

Айта кету керек, Конституция – қоғам мен мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған бағыт-мақсаттарын және оларға жету жолдарын айқындайтын құжат. Оның әлеуеті жылдар, онжылдықтар ғана емес, тіпті ғасырлар талаптарына жауап беруге қауқарлы. Қажетті экономикалық, саяси, мәдени және басқа да жағдайлардың пісіп-жетілуіне байланысты конституциялық нормалардың мазмұны заң шығармашылық және құқық қолдану сипатындағы қосымша шаралармен күшейтіліп отыруға тиіс.

Халық үніне құлақ асатын, тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет тұжырымдамасын іске асырып жатқан стратегиясы аясында Мемлекет басшысы еліміз алдағы бес жыл ішінде ұстанатын үш түйінді бағытты белгіледі. Олар: институттардың сапасы, азаматтардың әл-ауқаты және қуатты экономика.

Қазіргі Ата Заңымыздың басты ерекшелігі оның 1бап 2 тармақшасында көрсетілген республика қызметінің түбегейлі қағидалары болып табылатын:

- ✓ қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық;
- ✓ бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму;
- ✓ қазақстандық патриотизм;
- ✓ мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде

республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу делінген нормаларынан көрінеді [5].

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, еліміздің дамуына жол ашатын, мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға себеп болатын, Президент лауазымына үлкен міндеттер мен жауапкершілік жүктейтін барлық заңдардың бастауы болып табылады.

Біздің басты міндетіміз– Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану, оның әрбір нормасын құрметтеп қорғау, маңыздылығын жоғалтпай сақтау болып табылады. Осы міндеттерді бұлжытпай орындау арқылы тәуелсіздігіміздің нығая түсуіне өз үлесімізді қосарымыз сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. Астана, 2017.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев: «XXI ғасырдың Конституциясы – құқық үстемдігі, адамның құндылығы және мемлекеттің тиімділігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясындағы сөзі. Нұр-Сұлтан қ., 2020.
3. Е. Қарин. Конституцияға ұсынылған негізгі өзгерістерді түсіндіру. [inform.kz](http://inform.kz)...[erlan-karin-konstituciyaga-engiziletin...](http://erlan-karin-konstituciyaga-engiziletin...)

4. Нұртас Смағұлов. «Конституция–тәуелсіздігіміздің тұғыры»  
assembly.kz>news/konstitutsiya-t-uelsizdigimizdi-...
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы.  
adilet.zan.kz>kaz/docs/K950001000\_

**УДК. 347.1**

**Хавдал К.\*, Алпысбаева Э.С. Мамырова С.Т.**  
Қонаев Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
\*e-mail: kunai\_72@mail.ru

**ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ҚОРҒАУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Мақалада азаматтардың конституциялық құқықтарын конституциялық және әкімшілік әділеттілік арқылы қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. Мақаланың мақсаты конституциялық бақылау органының (қазіргі Конституциялық Сот) және мамандандырылған әкімшілік соттардың қазіргі дамуын талдау мен аталған институттар арқылы азаматтардың құқықтарын қорғау ерекшеліктерін көрсету. Қазақстанның құқықтық саясат концепциясы құқық жүйесінің дамуының бағыттары мен жүйелі жұмыстарын көрсетсе, «адамға бағдарланған» басымдықтар заңнама мен мемлекеттік қызметте адам құқықтар мен бостандықтарын барынша қорғау мен табиғи құқықтық негіздерге сай болуын қажет етеді. Осы процессте елімізде жаңадан құрылып отырған Конституциялық Сот органы нормативті қаулыларымен бірге казуалды қаулылары арқылы азаматтың құқықтарын нақты істерде (конституцияға сәйкестігі бойынша) түсіндіріп, бағалап, конституциялық реттеу жолын көрсетеді. Ал әкімшілік әділет арқылы атқару билігі мен азаматтың арасындағы бұқаралық дауларда адам құқықтарының қорғалуы сипатталып, сот төрелігінің теориялық-тәжірибелік негіздері беріледі.

Әкімшілік-рәсімдік процестік кодексті қабылдауының қажеттігі және оның тиімділігі яғни, мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен әсерін арттыруға, жариялы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға оң септігін тигізіетіндігі ашып айтылды. Сонымен қатар, ӘРПК-де тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

**Кілт сөздер:** адам құқықтары, әкімшілік әділет, әкімшілік рәсімдер, әкімшілік сот, әкімшілік даулар, мемлекеттік органдар, әділет органдары.

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНСТИТУТА АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮСТИЦИИ В ЗАЩИТЕ  
ПРАВ ГРАЖДАН**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы обеспечения конституционных прав граждан посредством конституционной и административной справедливости. Цель статьи- проанализировать современное развитие органа конституционного контроля (ныне Конституционный суд) и специализированных административных судов и показать особенности защиты прав граждан через указанные институты. В то время как Концепция правовой политики Казахстана отражает направления и системную работу развития системы права, «ориентированные на человека» приоритеты требуют максимальной защиты прав и

свобод человека и соответствия природным правовым основам в законодательстве и государственной службе. В этом процессе вновь создаваемый в стране конституционный судебный орган вместе с нормативными постановлениями разъясняет и оценивает права гражданина в конкретных делах (на соответствие Конституции) и указывает путь конституционного регулирования. А через административную юстицию описывается защита прав человека в массовых спорах между исполнительной властью и гражданином, даются теоретико-практические основы правосудия.

Было отмечено, что необходимость принятия административно-процедурного процессуального кодекса и его эффективность положительно скажутся на повышении прозрачности и влияния деятельности государственного органа, установлении четкого порядка разрешения публично-правовых споров, снижении коррупционных рисков, дальнейшем укреплении качества отправления правосудия и независимости судебной власти. Кроме того, в ЛПК предусмотрена возможность примирения сторон на всех этапах административного процесса до вынесения судом решения.

**Ключевые слова:** права человека, административная юстиция, административные процедуры, административный суд, административные споры, государственные органы, органы юстиции.

### THE EFFECTIVENESS OF THE INSTITUTION OF ADMINISTRATIVE JUSTICE IN PROTECTING THE RIGHTS OF CITIZENS

**Abstract.** The article discusses the issues of ensuring the constitutional rights of citizens through constitutional and administrative justice. The purpose of the article is to analyze the modern development of the constitutional control body (now the Constitutional Court) and specialized administrative courts and to show the specifics of protecting citizens' rights through these institutions. While the Concept of Kazakhstan's legal policy reflects the directions and systematic work of the development of the legal system, "human-oriented" priorities require maximum protection of human rights and freedoms and compliance with natural legal foundations in legislation and public service. In this process, the newly created constitutional judicial body in the country, together with regulatory rulings, clarifies and evaluates the rights of citizens in specific cases (for compliance with the Constitution) and indicates the path of constitutional regulation. And through administrative justice, the protection of human rights in mass disputes between the executive branch and the citizen is described, and the theoretical and practical foundations of justice are given.

It was noted that the need to adopt an administrative and procedural code and its effectiveness would have a positive impact on increasing the transparency and impact of government activities, establishing a clear procedure for resolving public law disputes, reducing corruption risks, further strengthening the quality of justice and the independence of the judiciary. In addition, the LPC provides for the possibility of reconciliation of the parties at all stages of the administrative process before the court makes a decision.

**Key words:** human rights, administrative justice, administrative procedures, administrative court, administrative disputes, government agencies, judicial authorities.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Әділет министрлігінің алдына әкімшілік әділет саласын кеңейту, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын түзету жөніндегі өкілеттіктерді құқық қорғау органдарынан Әділет министрлігіне беру және оларға ревизия жүргізу бойынша нақты міндеттер қойды.

Әкімшілік әділет — бұл бір жағынан азамат немесе заңды тұлға екінші жағынан мемлекеттік орган арасындағы әкімшілік істерді қарау мен әкімшілік құқықтық дауларды шешудің ерекше тәртібі.

Сонымен қатар, құқықтық институт ретінде әкімшілік әділет атқарушы биліктің лауазымды адамдарының заңдар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету үшін қоғамда және мемлекетте сот бақылауы функциясын орындайды.

Адам құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі механизмі конституциялық және әкімшілік әділет (төрелік) институттарында бекітілгені сөзсіз [1].

Әкімшілік әділет — бұл сот ісін жүргізу арқылы билік тарапының құқық бұзушылықтары мен өкілеттіктерін асыра пайдалануларынан адам құқықтарын қорғаудың соттық механизмі.

Егер әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, олардың жасалуына заңмен тыйым салынатын әрекеттерді тоқтату мен алдын алуға бағытталған болса, онда жария-құқықтық сипаттағы істер мемлекеттік басқару органдарының әкімшілік функцияларынан туындайды.

Әкімшілік-рәсімдік процестік кодексті қабылдау мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, жариялы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға оң септігін тигізеді деп күтілуде. Одан бөлек, ӘРПК-де тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

ӘРПК-дағы әкімшілік процестің азаматтық процестен айырмашылығы ретінде соттың белсенді рөлін айтуға болады.

Бұл – мемлекеттік қызметшілерді өз міндеттеріне аса жауапкершілікпен және адал қарауға міндеттейді. Азаматтың немесе ұйымның сотқа талап қоюы жеткілікті, ал мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға олардың берген талабы бойынша өз іс-әрекетін дәлелдеу үшін сол жерде болады. Яғни, мемлекеттік органдар жеке және заңды тұлғаларға талап қоя алмайды.

Осы орайда, бұл Кодексті қабылдаудың мақсатына тоқтала кетсем, бұл жерде билік пен азаматтар арасындағы дауларды қарау кезінде қарапайым азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қарастыру болып табылады. Жалпы, юрисдикциялық соттар қарайтын қоғамдық-құқықтық қатынастар практикасы жыл сайын артып келеді. Әсіресе, жер және тұрғын үй қатынастары саласындағы, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, тағы басқа салаларда даулар көп. ӘРПК жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қарастыратын болады. Оның басты мақсаты – мемлекеттік органдармен даулар кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау. Қарапайым тілмен айтқанда, ӘРПК азаматтар мен билік басындағылардың құқықтарын теңестіреді.

ӘРПК бойынша сот талап қоюдан емес, барлық қажетті құжаттарды мемлекеттік органдардан сұрату мүмкіндігіне ие бола отырып, дәлелдемелерді жинауға бастама көтереді.

Кодексте көрсетілгендей, дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік актіні қабылдаған әкімшілік органға жүктеледі. ӘРПК бойынша «әкімшілік органның» құрамына мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қатар, мемлекеттік заңды тұлғалар, әкімшілік актіні қабылдауға, әкімшілік іс-әрекет немесе әрекетсіздік жасауға уәкілеттік берілген ұйымдар кіреді. Осылайша, әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға сотта жауапкер ретінде әрекет етеді. Істі сотта қарау жоғары тұрған органға әкімшілік актіге, әрекетке немесе әрекетсіздікке алдын-ала шағым бергеннен кейін ғана мүмкін болады.

Кодекстегі тағы бір жаңалық, ол тараптар істі әкімшілік процестің барлық кезеңдерінде татуласу немесе медиация туралы келісім жасасу арқылы істі толық немесе ішінара аяқтай алады. Бірақ тараптардың татуласуына жол берілмейтін істердің жекелеген санаттары да болады.

Бір сөзбен қорытқанда, әкімшілік әділетті қалыптастыру азаматтардың құқықтық қорғалуын жақсарту үшін өте маңызды екендігі анық. Яғни, әкімшілік органдардың шешімімен немесе әрекеттерімен, әрекетсіздігімен келіспей, жария-құқыққа қатысты дау

туындаса, жеке және заңды тұлғалар Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жаңадан ашылған мамандандырылған әкімшілік соттарға талап қоюмен жүгіне алады [2].

Осылай, ӘРПК мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың өзара іс-қимыл жасау тәсілін түбегейлі өзгертті.

Аталған заңнаманың тиімді тұсын айтар болсақ, бұл кодексте татуластыру рәсімі қарастырылған. Яғни, тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Әкімшілік рәсімдердің міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде азаматтардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті-жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзу оның сипатына және елеулі болуына қарай әкімшілік актілерді, әкімшілік әрекеттерді (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға, сондай-ақ шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді.

Мемлекеттік органдар – өз құзыреті шегінде, жеке және заңды тұлғалар осы Кодексте белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе айқындалмаған тұлғалар тобының бұзылған немесе дау айтылатын заңды мүдделерін қорғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Заңнама мемлекеттік органдарға дәлелдеу міндетін жүктей отырып, соттың процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқығын белгілеген.

Әкімшілік кодекс азаматтардың құқықтарының қорғалуының негізгі кепілдіктерін белгілейді. Мемлекеттік органдар азаматтар құқықтарын пайдаланған кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіндегі белгіленген барлық міндеттеме мен қағиданы сақтауы керек. Бұл өте ауқымды сала. Азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздікке тап болатыны жасырын емес. Демек бұл заң сол олқылықтарды реттеп, оңтайландырады. Кодекске сәйкес азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер беріледі және жоғары тұрған орган мен сотта билік органдары дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері белгіленген. Әкімшілік соттарда бүгінге дейін жалпы юрисдикциялық, сондай-ақ экономикалық және азаматтық соттарда қаралып келген мемлекет пен азамат арасындағы әкімшілік даулар қаралады. «Мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматтар осы

сотқа талап арызбен жүгіне алады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс. Сот бұл дәлелдерден бөлек қосымша мәліметтер сұратып, дәлелдемелер жинауға құқылы. Яғни, бұрын судья алдындағы іс материалдары мен дәлелдемелерге ғана сүйенсе, енді әділетті шешім шығару үшін белсенді бола түседі.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесінде және жоғары тұрған органда және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітуге және сот жүйесіне жүктемені азайтуға септігін тигізеді.

Кодексте сонымен қатар бітімге келтіру шараларын белсенді түрде қолдану да ұсынылды. Мәмілеге келтіру шарты ерікті түрде жүзеге асырылып, бұл өз кезегінде сот шығынын азайтып, ал қарым-қатынастарды тартыстық сипаттан арылтады деген үміт бар. Әлемдік тәжірибе бұл институттың да тиімділігін көрсетіп отыр. Әкімшілік сот өзінің шығарған сот шешімдерінің орындалуын бақылап, соған әйкес шара қолданатын құзыретке де ие болмақ. Мәселен, сот кез келген шенеунікке орындалмаған шешім үшін жедел түрде бірнеше рет әкімшілік жаза болып саналмайтын айыппұл сала алады.

Бұл заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар беріліп отыр. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Бұрынғы заң бойынша судьяға ондай құқық берілмейтін. Судья іске байланысты өз пікірін айтуға тиіс емес болатын. Сонымен қатар, сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Әкімшілік істің мерзіміне тоқталатын болсақ, іс сотқа талап қою берілген сәттен бастап қозғалған болып есептеледі және бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда ақылға қонымды мерзімде 3 айға дейін, бұл ретте кассациялық сатыда 6 айға дейін қаралады [3].

Сонымен бірге, аталған органдардың шешімдеріне шағымданудың ерекше тәртібі көзделген даулардың жекелеген санаттарын (мысалы, салықтық, кедендік даулар) қоспағанда, сотқа дейінгі міндетті шағымдануды да енгізеді.

Қорыта айтқанда осы Кодексті қабылдау мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесінде және жоғары тұрған органда және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және сот жүйесіне жүктемені азайтуға өз септігін тигізери анық.

Әділет министрінің айтуынша, ӘРПК тыңдау рәсімі, дауларды сотқа дейінгі қарау тәртібі, әкімшілік әділет жүйесінің жаңа қағидаттары және т. б. сияқты тиімді институттарды енгізді, олар мемлекеттік аппараттар мен азаматтарға тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ әкімшілік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте мемлекеттік органдармен дауларда дәлелдеу ауыртпалығын негізінен жауапкердің өзі, яғни мемлекеттік орган көтеретінін атап өту маңызды. Осылайша, аталған институттар азаматтардың өтініштерін қарау мен олардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің тиімділігін арттырды.

ӘРПК қолданысқа енгізілген күннен бастап қазіргі күнге дейінгі қорытындысы бойынша Әділет министрлігі құқық қолдану практикасына талдау дайындады, ол жалпы жүргізілген әкімшілік реформаның тиімділігін көрсетеді.

Жаңа әкімшілік әділет моделі шеңберінде сапалы жұмысқа «e-Otinish» ақпараттық жүйесін енгізу де ықпал етті. Бұл жобаның арқасында азаматтар кез келген мемлекеттік органға еш қиындықсыз өтініш бере алады.

Жүргізілген әкімшілік реформаның оң көрсеткіштерін ескере отырып, Мемлекет басшысы әкімшілік әділет саласын одан әрі кеңейту жөнінде міндет қойғаны баршамызға

мәлім.

Осыған байланысты әкімшілік жазалардың түрлерін ӘҚБтК-ден алып тастау және олар бойынша ӘРПК тетіктерін қолдану орынды болып көрінеді, бұл адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін толыққанды іске асыруға мүмкіндік береді, осылайша әділ шешім қабылдау мүмкіндігін арттырады; жекелеген жария-құқықтық институттарды азаматтық-процестік заңнаманың ерекше өндірісінен алып тастау (мысалы, мұндай институттарға азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу талап етілетін істер бойынша іс жүргізуді, туберкулезден емдеуге мәжбүрлеп жіберу туралы, психикасы бұзылған адамды мәжбүрлеп ауруханаға жатқызу туралы немесе шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешім қабылдауды және басқаларды жатқызуға болады) сияқты және тағы басқа да өз тұжырымдарын құқық саласының ғалымдары мен заңгерлер көрсетті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі күшіне енгеннен бастап 2021 ші жылғы есеппен 4 ай ішінде әкімшілік әділет аясында соттар тарапынан 2206 қаулы шығарылды. Қанағаттандырылған талаптардың үлесі – 46% құрады. Бұл, Қанат Мусиннің айтуынша, бұрын заңдарда болмаған жаңа қағидаттардың жұмыс істеп жатқанын көрсетеді. Ол дегеніміз – соттың белсенді рөлінің артуы, құқықтардың басымдылығы қағидасы, сенім құқығын қорғау және т.б. [4].

Сонымен, әкімшілік әділет — тиімді жүйе екені сөзсіз. Өйткені, әкімшілік әділет жария-құқықтық дауларды қарайтын арнайы сот ісін жүргізудің түрі. Әкімшілік әділет жүйесінің басты тиімділігі әкімшілік органдар мен азаматтардың өз құқықтары мен міндеттері аясында әрекет етуіне мүмкіндік беретіндігі болып табылады. Бұл өз кезегінде азаматтар мен әкімшілік органдардың арасындағы теңсіздікті болдырмайды. Заңдылық қамтамасыз етіліп, жария-құқықтық дауларды шешу тиімді түрде жүзеге асырылады.

Осы арада, шетелдік тәжірибелерге талдау жасаған ғалымдардың тұжырымдарына тоқталып өткенді жөн санадым: Ресейлік ғалым М.В. Безрученков «Әр елдегі әкімшілік әділеттің өзіндік ерекшеліктері бар екенін білдік, бірақ сонымен бірге институтты тұтастай сипаттайтын олардың бірнеше жалпы ерекшеліктерін ажыратуға болады:

1. Әкімшілік әділеттің екі жүйесі де әкімшілік басқару саласында туындайтын дауларды оның қарауына жатқызумен сипатталады;

2. Жүйелерде юрисдикциялық орган ретінде арнайы құрылған және құқық туралы дауларды шешуге бейімделген орган қолданылады:

- континенттік модельде мұндай органның рөлі әкімшілік органдар мен жалпы юрисдикция соттарының жүйесінен тыс ұйымдастырылған арнайы әкімшілік соттар болып табылады,

- англо-саксон моделінде жалпы сотқа бағынатын және дауларды тек өз ведомствосы шегінде шешетін ведомстволық квазисудтар юрисдикциялық органдар ретінде әрекет етеді;

3. Әрбір әкімшілік Әділет жүйесі Әкімшілік дауларды заңда белгіленген іс жүргізу нысанында қарауды және шешуді көздейді» деп көрсеткен [5].

Әкімшілік әділет институты бойынша дауларды қарау кезінде азаматтардың мүддесінің басым болуына мән беріледі. Бұл жөнінде Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан, осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу керек» – деп атап өткен болатын.

Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің қолданысқа енуі – азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. М.Б. Бақтыбеков, Э.С. Майшекина, Н.Е. Есенжолов. «Конституциялық және әкімшілік әділет жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің тиімді тетігі». ЕҰУ-нің ХАБАРШЫСЫ. № 2(143) 2023.
2. Н.Нұрбайқызы. «Әкімшілік әділет — тиімді жүйе». //Білім айнасы газеті.; bilimainasy.kz>21-22-12-05-2/
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI;
4. Қанат Мусин, Айдос Садуақасов. “Әкімшілік әділеттің алғашқы нәтижелері және сот реформасының барысы”. - 2021. <https://sud.gov.kz/kaz/news/kimshilik-dilettin-algashky-ntizheleri-zhne-sot-reformasynyn-barysy>.
5. М.В. Безрученков «Административная юстиция в зарубежных странах». //Электронный научно-практический журнал «Политика, государство и право».; politika.snauka.ru>2015-02-2330/

# ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№2 (74) - 2025

Подписано в печать 10.06.2025 г.

Формат 60х84 1/8.

Печать цифровая. Бумага офсетная.

Усл. печ. л. 10,11.

Тираж 500 экз.

Заказ № 10062025=10

**копир & ка**

Адрес типографии:

г. Алматы, ул. Шемякина д.73

[rex8800@mail.ru](mailto:rex8800@mail.ru)